

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Бөкенбаев атындағы Ақтобе заң институты

Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысы
№ 9 хаттама

19 қыркүйек 2025 жыл

Ақтобе қ.

Төраға: институт бастығының орынбасары полиция полковнигі
А.Сахарбай.

Төраға орынбасары:

Хатшы (у.м.а.): ҒЗжРБЖҰ бөлімінің редакторы М.С.Нурмаганбетова

Қатысты: А.А.Алиппиев, Д.А.Амангельдиев, А.Ф.Саттарова,
М.Ж.Найманбаев, Е.Е.Туребеков, Н.И.Каирова, Е.Е.Туребеков,
А.А.Мерғалиев, Е.Т.Алдияров, А.Алмағамбетова және т.б.

КҮН ТӘРТІБІ:

Өткізу уақыты: «15» сағ. «00» мин.

Өткізу орны: «Шаңырақ» конференц залы

1. «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» ХҒТК өткізуге дайындық барысын талқылау

Жауаптылар: Т.Е.Бисенова, Е.Т.Алдияров, В.В.Хасанова

2. «Заң және тәртіп құқықтық мемлекет идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» РҒТК өткізуге дайындық барысын талқылау

Жауаптылар: А.К.Ибраева

3. Профессор-оқытушылық құрамының әдістемелік, оқу құралдарының қолжазбаларын талқылау:

3.1 «Сервисная модель обеспечения общественной безопасности» оқу құралының қолжазбасын (орыс тілінде) талқылау (п.55)

Жауапты: К.Ш.Жакенов

3.2 «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» оқу құралының қолжазбасын (мемлекеттік тілде) талқылау (п.56)

Жауаптылар: Н.А. Думов пен А.А. Алмағамбетова

3.3 «Философия права» оқу құралының қолжазбасын талқылау (п.94)

Жауапты: Ази Е., Н.И.Каирова

3.4 «Иностранный язык (профессиональный)» оқу құралының қолжазбасын талқылау (п.95)

Жауапты: А.К. Мухтарова

3.5. «Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы» оқу құралының қолжазбасын (орыс тілінде) талқылау (п.96)

Жауапты: А.Ф. Саттарова

4. Конференциялар мен дөңгелек үстелдер материалдарының жинақтарын талқылау:

4.1 «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» дөңгелек үстел материалдар жинағын талқылау

Жауапты: Н.И.Каирова

4.2 «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» дөңгелек үстел материалдар жинағын талқылау

Жауапты: Л.А. Жубандыкова

4.3 «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» ХҒТК материалдар жинағын талқылау

Жауаптылар: Л.А.Жубандыкова, В.В.Хасанова

4.4 «Заң мен Тәртіп: Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің өзекті мәселелері» ХҒТК материалдар жинағын талқылау

Жауаптылар: Е.Т. Алдияров

4.5 «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХҒТК материалдар жинағын талқылау

Жауаптылар: Е.Е.Туребеков, А.А.Мерғалиев

5. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуді талқылау

Жауаптылар: Н.А.Думов (п.38), Қ.Ерланұлы (п.39), А.К.Қосмұратов (п.40), А.Ф. Саттарова (п.41), А.А.Сагинтаева (п.42), З.З. Нұрыш (п.44), В.В.Хасанова (п.51), Г.Токпанбетова (п.53).

6. Жас ғалымдар мен мамандардың жұмыс барысы туралы

Жауапты: Қ.Ерланұлы

7. Институттың 2 курс магистранттары Қуанышбекқызы Г., Самигуллина Ж. магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы сұрағын қарастыру

Жауапты: Д.А.Амангельдиев

8. «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының редакциялық коллегия құрамын қарастыру

Жауапты: А.Сахарбай

9. «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының кезекті № 3 (20) нөмірін талқылау

Жауапты: М.Нурмағанбетова

Қосымша сұрақ:

10. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ИМ Кеңесінің ҒКК жұмыс жоспарына сәйкес «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу деңгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебін қарастыру

Жауапты: Е.Т.Алдияров

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Сахарбай: «Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін ғылыми-әдістемелік кеңестің №9 отырысы өтуде. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға сөз беріледі».

ТЫҢДАЛДЫ:

1) Бірінші сұрақ бойынша Е.Т.Алдияров «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» тақырыбындағы ХФТК өткізуге дайындық барысы туралы баяндады. Ол аталған конференцияны өткізуге ұйымдастырушылық шараларын ПО әкімшілік қызметі, Психология және ҚОҚҰ кафедрасы бірлесіп өткізетіні туралы айтты. Іс-шараға Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Ресей Федерациясы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Алматы, Қостанай және Қарағанды академияларына онлайн форматта өтетіні туралы тиісті ақпарат жіберілілгені, конференция қорытындысы бойынша жинақты шығару жоспарланғаны туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. 2025ж. 21 қазан айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» ХФТК сапалы өткізілсін.

Жауаптылар: Е.Т.Алдияров, Т.Е.Бисенова, В.В.Хасанова.

2) Екінші сұрақ бойынша 2025 жылдың 29 қазанда өтетін «Заң және тәртіп құқықтық мемлекет идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» ХФТК өткізуге дайындық барысы туралы

Р. Джигитова баяндады. Ол ведомстволық оқу орындарымен және халықаралық серіктес университеттермен конференция бойынша бірлескен жұмыстар жүргізіліп отырғаны, ақпараттық хаттар жолданып, қатысуға шақырту жіберілгендігі туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Заң және тәртіп құқықтық мемлекет идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» ХФТК сапалы өткізілсін.

Жауапты: А.К.Ибраева

3) 2025 ж. Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары бойынша қыркүйек айына жоспарланған Профессор-оқытушылық құрамының әдістемелік, оқу құралдарының қолжазбаларын талқылау сұрағы бойынша келесі оқытушылар баяндады:

3.1 К.Ш.Жакенов: «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» (п.55), авторлар К.Ш.Жакенов пен В.В.Хасанова дайындаған оқу құралында (мемлекеттік тілде) азаматтық қоғамның қатысуымен құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жүйесінің концепциясы мен ұсыныстары берілген. Құралда ұсынылған ұсыныстар мен шетелдік тәжірибе, азаматтық қоғам мен халықаралық ұйымдардың ұсыныстары негізінде әзірленген».

Сахарбай А. оқу құралындағы техникалық қателіктерді 2 күннің ішінде дұрыстау бойынша ескерту жасады;

3.2 А.А. Алмагамбетова: «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» оқу құралын (мемлекеттік тілде) (п.56) оқытушылар Н.А. Думов пен А.А. Алмагамбетова дайындады. Оқу құралының негізгі мақсаты - «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәнін зерделеу білім алушылардың өздерінің тікелей қызметтік міндеттерін кейіннен кәсіби орындау үшін қажетті білім, білік және дағдылар кешенін меңгеру. Осы оқу құралында схемалармен анықтамаларда «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәнінің мазмұнына кіретін теориялық материал ұсынылған. Басылым пәннің барлық тақырыптары бойынша көрнекі сызбаларды қамтиды және алған білімдерін сапалы меңгеру мақсатында білім алушыларға көмек көрсетуге арналған».

Сахарбай А. оқу құралындағы техникалық қателіктерді 2 күннің ішінде дұрыстау бойынша ескерту жасады;

3.3 Н.И.Каирова «Философия права» оқу құралы орыс тілінде дайындалған (п.94), құқықтық білімді меңгеріп отырған білім алушылар үшін маңызды әдістемелік құрал, оқу құралының құрылымы пән бағдарламасына сай екенін, теориялық және практикалық бөлімдерінің үйлесімді құрылғанын атап өтті.

Сахарбай А. ұсыныс ретінде оқу құралында берілген тест сұрақтарына жауаптарын қосуды ұсынды.

3.4 А.К.Мухтарова: «Шетел тілі (кәсіптік)» оқу құралы ағылшын тілінде дайындалған (п.95), «Құқық қорғау қызметі» мамандығының магистранттары үшін негізгі оқу материалы болып табылады және кәсіби шетел тілі күздіреттілігін қалыптастыруда тиімді әдістемелік құрал ретінде ұсынылады».

Сахарбай А.: «Оқу құралы бойынша сұрақ жоқ, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылады».

3.5 А.Ф.Саттарова «Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы. Викторина «Я знаю свои права!» оқу құралы орыс тілінде дайындалған (п.96), оқу құралында жасөспірімдердің құқықтық тәрбие сұрақтары қарастырылған. Сонымен қатар, оқу құралында психология, педагогика, конституциялық, құқықтық, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек және отбасылық құқық бойынша викториналық сұрақтар берілген. Оқу құралы ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарының білім алушыларына, ювеналдық полиция қызметкерлеріне, орта оқу орындарының педагогтері мен 9-11 сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған».

Сахарбай А.: «Оқу құралы бойынша сұрақ жоқ, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылады».

ШЕШІМ:

3.Ақпарат назарға алынсын.

3.1 ӘҚЖПОӘҚ кафедрасының оқытушылары Қ.Ш.Жакенов, В.В.Хасанова дайындаған «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралындағы техникалық қателіктер жойылып, Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың

Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын. Мерзім: 2025ж. 22 қыркүйекке дейін;

3.2 А.А. Алмағамбетова мен Н.А. Думовтың «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» оқу құралындағы техникалық қателіктер жойылып, Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын. Мерзім: 2025ж. 22 қыркүйекке дейін;

3.3 Н.И.Каированың «Философия права» оқу құралы ұсыныстарды ескере отырып, Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын;

3.4 А.К.Мухтарованың «Шетел тілі (кәсіптік)» оқу құралы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын;

3.5 А.Ф.Саттарованың «Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы. Викторина «Я знаю свои права!» оқу құралы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын.

4.1) Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы Каирова Н.И. «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» дөңгел үстел материалдар жинағын талқылау мәселесін, іс-шараның 2025 жылғы 30 қыркүйекке жоспарлануына байланысты, келесі №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстыруын сұрады.

Ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы Сахарбай А. аталған сұрақты келесі кеңес отырысына ауыстыруды мақұлдады.

ШЕШІМ:

4. Ақпарат назарға алынсын.

4.1 «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» дөңгел үстел материалдар жинағын талқылау сұрағы қазан айындағы №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстырылсын.

4.2) Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы Жубандыкова Л.А. «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» дөңгелек үстел материалдар жинағын мақұлдандын.

ШЕШІМ:

4. Ақпарат назарға алынсын.

4.2 «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» дөңгелек үстел материалдар жинағы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылсын.

4.3) Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы Жубандыкова Л.А. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» ХФТК материалдар жинағын талқылау сұағын, іс-шараның 2025 жылдың 26 қыркүйекте өтуіне және одан кейін материалдарды жинақтауға уақыттың қажеттілігіне байланысты, келесі №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстыруын сұрады.

Ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы Сахарбай А. аталған сұрақты келесі кеңес отырысына ауыстыруды мақұлдады.

ШЕШІМ:

4. Ақпарат назарға алынсын.

4.3 «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» ХФТК материалдар жинағын талқылау сұрағы қазан айындағы №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстырылсын.

4.4) Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы Е.Т.Алдияров баяндады: «2025 жылдың 19 маусымында Институттың 2025 ж. Ғылыми – зерттеу қызметі жоспарының 1 бөлімі №4 тармағымен жоспарланған «Заң мен тәртіп» идеологиясын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» тақырыбында ХФТК өткізілді.

Аталған конференция қорытындысы бойынша отандық және шетелдік ғалымдар мен докторанттар, магистранттар, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заң ғылымы саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері ұсынылып, конференция материалдары жинағы дайындалды».

Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері конференция материалдарымен танысып, оның өзектілігін, ұсынылған жұмыстардың жоғары ғылыми деңгейін, әрі оқу үрдісі мен ғылыми қызметте пайдалану мүмкіндігін атап өтіп, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынды.

ШЕШІМ:

4. Ақпарат назарға алынсын.

4.4 «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ХФТК материалдар жинағы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылсын.

4.5) Арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының бастығы Е.Е.Туребеков «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХФТК материалдар жинағын талқылау сұрағын, іс-шараның 2025 жылдың 19 қыркүйекте өтуіне және одан кейін материалдарды жинақтауға уақыттың қажеттілігіне байланысты, келесі №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстыруын сұрады.

Ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы Сахарбай А. аталған сұрақты келесі кеңес отырысына ауыстыруды мақұлдады.

ШЕШІМ:

4. Ақпарат назарға алынсын.

4.5 «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХФТК материалдар жинағын талқылау сұрағы қазан айындағы №10 Ғылыми-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне ауыстырылсын.

5) Бесінші сұрақ - Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу бойынша баяндады:

- Н.А.Думов (п.38): «Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу: әкімшілік-құқықтық аспект» ғылыми-зерттеу жұмысы шеңберінде оқу құралы әзірленіп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқу үрдісіне, Ақтөбе облысы ПД Жергілікті полиция қызметінің басқармасының тәжірибелік қызметіне, Ақтөбе станциясының ЖПБ тәжірибелік қызметіне және ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізілді, енгізу актілері алынды»;

- Қ.Ерланұлы (п.39): «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқығы» оқу құралы әзірленіп, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Кәсіби даярлық факультетінің білім алушыларына арналып, оқу процесіне енгізіліп, енгізу актісі дайындалды»;

- А.К.Қосмұратов (п.40): «Методика проведения тренировочных занятий с отягощениями и снарядами для спортсменов различных видов единоборств» оқу-тәжірибелік нұсқаулығы әзірленіп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқу үрдісіне, Ақтөбе облысы ПД қызметтік-жауынгерлік қызметінің тәжірибелік қызметіне, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізілді, енгізу актілері алынды»;

- А.Ф. Саттарова (п.41): «Ответы на вопросы сотрудников ювеноальной полиции» оқу құралы әзірленіп, Ақтөбе облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының тәжірибелік қызметіне енгізілді, енгізу актілері алынды»;

- А.А.Сагинтаева (п.42): «Конфликтология және суицидология» оқу құралы әзірленіп, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне, Ақтөбе станциясының ЖПБ тәжірибелік қызметіне енгізілді, енгізу актілері алынды»;

- З.З. Нұрыш (п.44): «Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару құқығы» оқу құралы әзірленіп, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізіліп, енгізу актісі алынды»;

- В.В.Хасанова (п.51): «Профилактика правонарушений в Республике Казахстан в партнерстве с обществом: реалии и перспективы» оқу құралы әзірленіп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқу үрдісіне, Ақтөбе облысы ПД Жергілікті полиция қызметінің басқармасының тәжірибелік қызметіне, Ақтөбе станциясының ЖПБ тәжірибелік қызметіне және ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу үрдісіне енгізілді, енгізу актілері алынды»;

- Г.Токпанбетова (п.53): «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» оқу құралы ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты және ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы академиясының оқу үрдісіне енгізілді, енгізу актілері алынды».

ШЕШІМ:

5. Ақпарат назарға алынсын.

5.1 Институттың ПОҚ-ның ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін оқу үрдісі мен тәжірибелік қызметке енгізу туралы ақпарат қанағаттанарлық деп есептелінсін;

- Н.А.Думовтың (п.38) «Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы

құқық бұзушылықтардың алдын алу: әкімшілік-құқықтық аспект» оқу құралын енгізу актілері;

- Қ.Ерланұлының (п.39) «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқығы» оқу құралын енгізу актісі;

- А.К.Қосмұратовтың (п.40) «Методика проведения тренировочных занятий с отягощениями и снарядами для спортсменов различных видов единоборств» оқу-тәжірибелік нұсқаулығын енгізу актілері;

- А.Ф. Саттарованың (п.41) «Ответы на вопросы сотрудников ювеноальной полиции» оқу құралын енгізу актілері;

- А.А.Сагинтаеваның (п.42) «Конфликтология және суицидология» оқу құралын енгізу актілері;

- З.З. Нұрыштың (п.44) «Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару құқығы» оқу құралын енгізу актісі;

- В.В.Хасанованың (п.51) «Профилактика правонарушений в Республике Казахстан в партнерстве с обществом: реалии и перспективы» оқу құралын енгізу актілері;

- Г.Токпанбетованың (п.53) «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» оқу құралын енгізу актілері.

6) Қ.Ерланұлы Жас ғалымдар мен мамандардың жұмыс барысы туралы баяндама жасады: «2025 жылдың бірінші жартыжылдығында кеңес мүшелерімен барлығы 14 оқу құралы жария етілді. Сонымен қатар, Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері институттың ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына сәйкес түрлі басылымдарда ғылыми мақалаларын жариялады.

2025 жылғы 25 сәуірінде институттың Ғылыми қызметі жоспарына сәйкес «Заң ғылымы және білім беру: өзекті мәселелер мен инновациялар» тақырыбында ҒЗЖРБЖ бөлімі мен Жас ғалымдар кеңесі бірлесіп халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция өткізді».

Ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы **Сахарбай А.** Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын жандандыру, Кеңес мүшелерінің Институтта ұйымдастырылатын конференциялар мен дөнгелек үстелдерге, басқа да ғылыми шараларға белсенді түрде қатысуын ұсынды.

ШЕШІМ:

6. Ақпарат назарға алынсын.

6.1 Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің жұмысын жандандыру және Кеңес туралы ақпарат қанағаттанарлық деп есептелінсін.

7) Жетінші сұрақ бойынша Кәсіби дайындық факультетінің бастығы, полиция полковнигі Д.А.Амангельдиев институттың 2 курс магистранттары (ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан ауысып келген) Қуанышбекқызы Г., Самигуллина Ж. магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы баяндады: «Магистрант Самигуллина Ж. «Жаһандық интернет желісін пайдалана отырып жасалған есірткі құралдарының заңсыз айналымын тергеп-тексеру ерекшеліктері» магистрлік диссертация тақырыбын ұсынды. Ғылыми жетекші ретінде Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Д.Амангельдиевтің кандидатурасы ұсынылды.

Магистрант Қуанышбекқызы Г. «Қаржы пирамидаларын құруға және басқаруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу ерекшеліктері» магистрлік диссертация тақырыбын ұсынды. Ғылыми жетекші ретінде Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, қауымдастырылған профессор (доцент) Н.Саханованың кандидатурасы ұсынылды. Ғылыми жетекші ретінде Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМС) талаптарына сәйкес келеді және соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне енген басылымдарда жарияланымдары бар».

Сахарбай А.: «Ұсынылған тақырыптар қазіргі жағдайда өте өзекті және маңызды болып саналады, ғылыми жетекші ретінде ұсынылған кандидатуралар да талапқа сай келеді, сондықтан Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылады».

ШЕШІМ:

7. Ақпарат назарға алынсын.

7.1 полиция аға лейтенанты Самигуллина Ж. «Жаһандық интернет желісін пайдалана отырып жасалған есірткі құралдарының заңсыз айналымын тергеп-тексеру ерекшеліктері» магистрлік диссертациясының тақырыбы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылсын;

- полиция аға лейтенанты Қуанышбекқызы Г. «Қаржы пирамидаларын құруға және басқаруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу ерекшеліктері» магистрлік диссертациясының тақырыбы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылсын;

7.2 Ғылыми жетекшілер ретінде:

- полиция аға лейтенанты Ж.Самигуллинаға - Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Д.Амангельдиев кандидатурасы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылсын;

- полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызына Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, қауымдастырылған профессор (доцент) Н.Саханованың кандидатурасы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылсын.

8) «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының редакциялық алқа құрамын қарастыру сұрағы бойынша А.Сахарбай баяндады. Ол журналдың редакциялық алқасына мүшелікке Институттың ғалымдарын ұсынды: «Журналдың редакциялық алқасы автордан / авторлардан келіп түскен қолжазбаларды қарайды, олардың рецензиялануын ұйымдастырады және қолжазба электронды платформа арқылы келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жариялау немесе жариялаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды».

ШЕШІМ:

8. Ақпарат назарға алынсын.

8.1 «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының редакциялық алқа құрамы Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың қазан айындағы Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ұсынылсын.

9) Тоғызыншы сұрақ бойынша ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының редакторы М.Нурмағанбетова баяндады: «Журналдың 3 (20) нөміріне қазіргі таңда 31 мақала келіп түсті, 26 мақала институттың ПОҚ мен магистранттарының жұмысы, 5 мақала сыртқы авторлардың жұмыстары. Журналдың жалпы көлемі 199 бет».

Сахарбай А.: «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының 3 (20) нөмірі басылымға жіберілсін».

ШЕШІМ:

9. Ақпарат назарға алынсын.

9.1 «ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Хабаршысы» ғылыми-тәжірибелік журналының 3 (20) нөмірі Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және «Adal kitap» баспахансына жіберілсін.

10) Оныншы сұрақ бойынша Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы Е.Т.Алдияров баяндады. Ол Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелерінің назарына ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ИМ Кеңесінің ҒКК жұмыс жоспарына сәйкес «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу деңгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебін ұсынды:

«Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасымен 2025 жылға ҚР ИМ-ң 15.09.2023 жылғы шешімімен бекітілген ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында ЖҚК бойынша 2024-2028 жж. арналған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ИМ кеңесі жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңесі жұмысы туралы кешенді іс-шаралар жоспарының 3.2 тармағын орындау негізінде «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу деңгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілді.

Зерттеу міндеттеріне қолданыстағы заңнаманы, әкімшілік жазалардың мөлшерін, бұзушылықтарды есепке алу рәсімдерін зерделеу, ең бастысы, құқықты қолданудың негізгі мәселелерін анықтау кірді. Қорытынды есепте ұсыныстармен негізделген аналитикалық шолу берілді».

Сахарбай А.: «Ғылыми зерттеудің қорытынды есебі бойынша сұрақ жоқ, Ғылыми кеңесте қаралуға ұсынылады».

ШЕШІМ:

10. Ақпарат назарға алынсын.

10.1 ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ИМ Кеңесінің ҒКК жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу деңгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды

әкімшілік жауаптылыққа тарту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебі Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралды деп есептелсін және институттың Ғылыми кеңесіне бекіту үшін ұсынылсын.


















Төраға:

А. Сахарбай


















Хатшы (у.м.а.):

М. Нурмаганбетова

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесі отырысының № 9
хаттамасымен танысу парағы, 2025 ж. «19» 09

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К.Ибраева
9.  Е.Е.Туребеков,
10.  А.А.Мергалиев
11.  Н.И.Каирова
12.  В.В.Хасанова
13.  Д.Муканова
14.  А. Мухтарова
15.  Қ. Жакенов
16.  А. Алмаганбетова
17.  Қ. Ерланулы

Институттың 2025 жылғы 19 қыркүйек өткен Ғылыми-әдістемелік кеңестің тоғызыншы отырысына қатысқандардың тіркеу парағы

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К. Ибраева
9.  Е.Е. Туребеков,
10.  А.А. Мергалиев
11.  Н.И. Каирова
12.  В.В. Хасанова
13.  Д. Муканова
14.  А. Мухтарова
15.  Қ. Жакенов
16.  А. Алмаганбетова
17.  Қ. Ерланулы